



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//29 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

↳ ПРЕЗИДЕНТ

САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА: ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХОЛДИНГКЕ АЙНАЛДЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ҰСЫНЫЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» ҰӘК компаниялар тобының 9 айдағы жұмысының қорытындылары туралы есеп берілді. Ахметжан Есімовтің мәліметінше, есептік кезеңдегі таза табыс жоспарланған 167 млрд теңгеден 2,6 есеге асып, 436 млрд теңгеге жеткен. Биыл акционер — ҚР Үкіметіне 120 млрд теңге дивидендтер төленген, бұл 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 10 есе артық.

Сондай-ақ энергетикалық, мұнай-газ, уран, телекоммуникациялар, пошта және басқа да салалардағы компаниялар тобының барлық кәсіпорындарында үздіксіз жұмыс қамтамасыз етілді. Өндірістегі жұмыс орындары жаппай қысқартуға ұшырамай, персонал толық құрама сақталды, қызметкерлерге еңбекақы уақытылы төленіп отыр. «Самұрық-Қазына» басшысы қор саатып алулар жүіесі арқылы ел экономикасын қолдауға қатысты Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау жөніндегі жұмысты жалғастырып жатқаны хабарланды. Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша қордың саатып алулар жүіесіндегі жергілікті өнім үлесі 66% құрады. Бәсекелестік ортаға

819 млрд теңгеге саатып алулар шығарылған. Бизнесінің 17 000 субъектісі қордың саатып алуларына қатысуға мүмкіндік алды. 2020 жылдың басынан бері компаниялар тобы 2,4 трлн теңгеге отандық бизнеспен шарттар жасасып, жергілікті кәсіпорындарға 12 мың тапсырыс берілген. Аталған кәсіпорындарда 280 мың адам жұмыс істейді. Есеп бойынша мемлекеттік бюджетке 170 млрд теңге көлемінде салық төлемдері түсіуі тиіс. Сондай-ақ Қазақстан Президентіне қорды инвестициялық холдингке айналдыру тұжырымдамасы ұсынылды. Басқарма басшысы Ахметжан Есімов Қасым-Жомарт Тоқаевқа инвестициялық холдингке ай-

налдырудың артықшылықтары туралы айтты. Оның сөзінше, бұл портфельді активтерді география және салалар бойынша әртараптандыруға, халықаралық инвестициялардан түсетін табысын арттыруға, дивидендтердің есебінен бюджет түсімдерін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысына Жолдаудағы тапсырмаларға сәйкес, қор активтерін жекешелендіру бағдарламасы жалғаса беретіні туралы хабарланды. Бұл ретте, қор мемлекеттік және жеке меншік мүдделер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету мақсатында ірі және стратегиялық компаниялардағы үлесінің 51 және одан да көп пайызы бақылауды сақтап қалады.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
CCBN	27.10.20 17:30	218,00	+0,90	-0,91
HSBK	27.10.20 17:30	110,00	+0,63	-6,77
KZTO	27.10.20 17:30	805,00	+0,37	-0,14
KASE Индексі	27.10.20 17:30	2 433,87	-0,59	-0,56

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index	27.10.20 00:00	9,25	-0,38
TONIA	27.10.20 16:38	9,33	-0,28
SWAP-1D (USD)	27.10.20 17:05	8,08	-1,88
TWINA	27.10.20 13:42	9,15	+0,11
SWAP-2D (USD)	26.10.20 17:05	9,46	+0,66

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
BRKZe10	27.10.20	8.95
MFOkb1	27.10.20	18.20
ATFbe7	27.10.20	0.00
FFINb3	27.10.20	0.00
THLZb1	26.10.20	16.15
CAEPp1	26.10.20	12.00

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
NTK182_2678	27.10.20	9.30
NTK028_2677	27.10.20	8.82
MKM012_0148	27.10.20	10.00
NTK028_2675	27.10.20	10.00
MUM108_0013	12.10.20	10.00
MUM132_0006	12.10.20	10.00

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер	KASE	FTSE 100	CAC40	S&P 500	Dow Jones	Nikkei 225	DAX	SSE Comp
	2 433.87	5 728.99	4 730.66	3 390.68	27 463.19	23 485.80	12 063.57	3 254.32
	-0.59%	-1.09%	-1.77%	-0.30%	-0.80%	-0.04%	-0.93%	0.10%
28 Қазан 2020								
Тауарлар								
Мұнай	41.20	1 898.45	878.00	2 364.00	14 423.00	1 770.50	24.28	
Алтын	1.83%	-0.27%	-4.25%	-1.25%	-0.61%	-0.53%	-1.94%	
Платина								
Паладий								
Никель								
Алюминий								
Күміс								
28 Қазан 2020								
Валюта нарықтары								
USDKZT	429.75	EURKZT	507.45	USDRUB	77.3059	USDUAN	28.3765	USDByn
0.04%	0.03%	0.00%	0.00%	2.5692	EURUSD	1.1778	GBPUSD	
↑	↑	↑	↑	0.61%	0.15%	-0.02%		
28 Қазан 2020								

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Жобалар пулы құрылды

Ақ Жайық өңірінде 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға арналған гранттық қаржы беру конкурсы басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн брифингте облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Құланбаев мәлімдеді.

ГУЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ ТЕТКІТЕРІ

Өңірдегі кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Қарапайым заттар экономикасы» салаларын дамыту жөніндегі жобалық кезеңі басталды. Оның құрамына жергілікті атқарушы құрылымдар, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Ағрадық несиелер корпорациясы», екінші деңгейлі банктер және кәсіпкерлік қауымдастық өкілдері енді. «Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында өткен жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 16,5 млрд теңгеге

215 жоба мақұлданды. Биыл «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдары арналған бағдарламасы шеңберінде қалалық жерлерді несиелеу үшін республикалық бюджеттен шағын несиелерге 500 млн теңге, кепілдемелерге 36 млн теңге бөлінді. Қазіргі уақытта жалпы шамасы 105,5 млн теңгеге 15 шағын несиелер берілді. Кәсіпкерлерге кепілдемелер беру бойынша 10,8 млн теңгеге 8 келісімшартқа қол қойылды. Несиелер екінші деңгейдегі банктер арқылы кәсіпкерлерге өз ісін ұйымдастыруға және кеңейтуге жылдық 6% -бен берілді. Несиенің ең жоғары шамасы 6500 АЕК шамасын (18,1 млн теңге) құрайды. Несиелер бойынша кепілдіктер «Даму» ҚДК» АҚ арқылы 85%-ға дейін бастапқы бизнес үшін және 50%-ға дейін қолданыстағы бизнес үшін беріледі. Биыл «Бизнесінің жол картасы – 2025» бизнесінің қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға жалпы сипаттағы трансфертерден 1,7

млрд теңге несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға, 146,9 млн теңге несиелерге кепілдемелерге, 486 млн теңге гранттық қаржыландыруға бағытталды. — Кәсіпкерлердің «Бизнесінің жол картасы – 2025» бағдарламасына қатысуға құлшыныстары күшті. Инновациялық жобаларға гранттық қаржы беру конкурсы күні кеше аяқталды. Оған қатысуға 233 адам өтініш берді. Бүгіннен бастап 29 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерді қолдауға гранттық қаржы беру конкурсы басталды. Жас кәсіпкерлерді осы конкурста қатысуға шақырамыз, — деді Мақсат Құланбаев. Спикердің сөзіне сүйенсек, төтенше жағдайдың жариялануына байланысты дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін қосымша 1,8 млрд теңге бөлініп, оның ішінде 1,5 млрд теңге несиелердің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға, 329 млн теңге несиелерге кепілдемелерге бағытталған. Күні бүгінге бөлінген барлық қаржының 2,4 млрд теңгесі, яғни 64%-ы иерілген.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА



Инвестициялар үлесі ұлғаяды

Covid-пен келген әлемдік дағдарыс қарамастан, Самұрық-Қазына құнды ұлғайту мүмкіндіктерін іздеуді жалғастырып, өзгермелі әлем мен инвестициялық ортаға ашық болып қалады. Тек соңғы бір жылда Кор елімізге тікелей қорлық арқылы жалпы сомда 600 миллион АҚШ долларын құрайтын инвестицияларды тартуға қолдау көрсетті.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

«Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ, «және Kazakh Invest» ҰК» АҚ Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігімен серіктестікте ұйымдастырылған онлайн форумда еліміздің инвестициялық мүмкіндіктері жан-жақты айтылды.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

COVID-19

Эпидемиологиялық жағдай бақылауда



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірлердің эпидемиологиялық жағдайымен және коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығымен танысу мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Атырау облысына барды.

Мемлекеттік басшының тапсырмасына сәйкес өңірлердің эпидемиологиялық жағдайымен және коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығымен танысу мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Атырау облысына барды.

Мемлекеттік басшының тапсырмасына сәйкес өңірлердің эпидемиологиялық жағдайымен және коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығымен танысу мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Атырау облысына барды.

Ол өткізген желел кенесте Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығы туралы баяндады. Ералы Тоғжанов өңір басшылығына эпидемиологиялық ахуалды, халықты және медициналық

Мемлекеттік басшының тапсырмасына сәйкес өңірлердің эпидемиологиялық жағдайымен және коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығымен танысу мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Атырау облысына барды.

Мемлекеттік басшының тапсырмасына сәйкес өңірлердің эпидемиологиялық жағдайымен және коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындығымен танысу мақсатында Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Атырау облысына барды.

Қоршаған ортаны қорғау

Экологияны жақсартуға жасалған қадам

Мәжіліс депутаттары Экологиялық кодекс жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Депутат Мансұрхан Махамбетов атап өткендей, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жаңа Экологиялық кодекс жобасының нормаларын іске асыру мақсатында әзірленді. «Заң жобасында 9 кодек пен 9 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген. Алайда заң жобасын қарау барысында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді шектеу және онталандыру бөлігі қаралды. Осылайша қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау мақсатында заң жобасынан Әкімшілік кодекске, Салық кодексіне енгізуге ұсынылған түзетулер алынып тасталды», – деді ол.



Онша айтуынша, заң жобасында Экологиялық кодекс жобасымен ұсынылып отырған табиғат пайдаланушыларды ең үздік қолжетімді технологияларды пайдалануға ынталандыру, экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты арттыру жоспарланған. Сондай-ақ «жасыл» тарифтерді енгізу арқылы қалдықтарды қайта өңдеу сегментін дамытуды

ынталандыру, экологиялық реттеу мен бақылаудағы жаңа тәсілдер сияқты жаңалықтарды іске асыру үшін құқықтық негіздер құру мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу көзделіп отыр.

Жұмыс тобы шеңберінде келіп түскен ұсыныстар мен түзетулер қаралды. 300-ден астам ұсыныс талқыланып, олардың көпшілігі бойынша шешім қабылданды.

Агроқошан

Шаруа қожалықтары бірігуде



Жамбыл облысында ұсақ шаруа қожалықтары 10 агрохолдингке бірігуде.

Бүгінгі таңда облыста 18 мыңнан астам шаруа қожалықтары бар десек, олардың көбісі ұсақ шаруашылықтар болып табылады. Ал бұл шаруашылықтардың өнімділігі мен техника алу мүмкіндіктері өте төмен. Осыны ескерген облыс әкімі Бердібек Са-

парбаев облыстағы ұсақ шаруашылықтардың басын қосып агрохолдинг құруды және әр агрохолдингке қажетті техникаларды «Тараз» микроқаржы ұйымы арқылы лизингке алып беруді тапсырған болатын. Осыған байланысты облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайрат Амановтың төрағалығымен жиын өтіп,

оған аудан әкімінің орынбасарлары мен ауыл шаруашылығы бөлімінің басшылары және агрохолдинг жетекшілері қатысты.

10 ауданда құрылған агрохолдингтерге берілетін техникалардың саны мен қаражат көлемі талқыланған жиында Қ.Аманов холдингтердің құрамында бірінші кезекте агроном, инженер, есепші сияқты мамандары мен техника қойтын орындары болу керектігін атап өтіп, бұл жұмыстарды жеделдетуді тапсырды.

Жиын соңында қажетті көлемі нақтыланған техникаларды алу бойынша ұсыныс «Тараз» микроқаржы ұйымына жолданды. Айта кету керек, қазіргі уақытта облыстың барлық ауданында 10 агрохолдинг құрылған. Алдағы уақытта бұл ұйымдар ұсақ шаруа қожалықтардың көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге өз септігін тигізетін болады.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру мәселелері. Жұмыспен қамту жол картасын іске асыру барысы Министрлер кабинетінің кезекті отырысында қаралды. Және де келер жылға арналған Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспары ұсынылды. Жұмыс төрағасы, Премьер-министр Асқар Мамин іс-шараларды тымсықтап, әрі қарайғы жұмыс бағыттарын белгіледі.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Мәлімделгендей, орталықтандырылған сумен жабдықтау деңгейі қалаларда – 97,2%, ауылдарда – 86,4%. 100% орталықтандырылған сумен жабдықтау Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарында, ауылдар бойынша Алматы (98,8%), Атырау (98,4%) және Қызылорда (97,2%) облыстарында қамтамасыз етіледі. Қолжетімділік бойынша төмен көрсеткіштер Костанай (61,1%), Жамбыл (72,6%) және Павлодар (73,3%) облыстарында байқалады. 53 қалада көрділік тазарту құрылыстарын салу, реконструкциялау және жаңғырту бойынша жұмыс жүргізілуде, қаржыландыру көздері (АДБ және ЕКДБ заимдары) айқындалып, жобалық құжаттама дайындалды. «Халықты таза ауыз сумен жабдықтау – Үкіметтің стратегиялық міндеті және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей әсер ететін мәселе. Бұл бағытта әр әкімдіктің елді мекендерге тиісті инфрақұрылымды жеткізу бойынша нақты жоспары болуы керек», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде 2025 жылға қарай халық 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етілетінін атап өтті. Бұл ретте маңыздысы, топтық су құбырларының инфрақұрылымын жасау және ауылдардың шекарасына дейін жеткізу керек. Бұл жұмыс желілерді елді мекендердің ішінде тартумен үйлесімді жүргізілуі қажет. Премьер-министр жобалардың шығындарын қысқартып, жергілікті қамтуды дамыту мақсатында сумен жабдықтау және су бұру жобаларын, іске асыру кезінде жобалау-сметалық құжаттаманың типтік жобаларын, сондай-ақ отандық өндірушілердің материалдарын пайдалануды тапсырды. Экология министрлігіне топтық су құбырларын басқару жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдап, оларды салу және реконструкциялау жобаларын аяқталуына дейін іске асыруды қамтамасыз ету тапсырылды. Мысалы, 2021 жылдың соңына дейін 197 мың тұрғыны бар 38 елді мекенге су жүргізуді көздейтін, ұзаққа созылған үш жобаның құрылысын аяқтау қажет. Индустрия, ұлттық экономика, қаржы, экология, денсаулық сақтау министрліктеріне халық үшін



Сумен жабдықтау, жұмыспен қамту: Әлеумет ахуалы артуы тиіс

тарифтердің артуына жол бермеу мақсатында қызмет көрсетуді және қарызды өтеуді ескерумен көрділік тазарту құрылыстарын салу және реконструкциялау жобаларын іске асыру тетігін заң жүзінде бекітуді қамтамасыз ету жүктелді.

Қазіргі уақытта Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде шамамен 6600 әлеуметтік, коммуналдық және көліктік инфрақұрылым нысаны салынып жатыр. Жобалар аяқталған соң, сабақтас салаларда 100 мыңға жуық жұмыс орны құрылатын болады. Жол картасының жобаларын іске асыру үшін қажетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің шамамен 90%-ы отандық өндірушілерден сатып алынды. 19 мыңға жуық жұмыс субъектісі 488 млрд теңгеге тапсырыс алды, кемінде 114 мың жұмыс орны сақталды. «Биыл дағдарыс қарсы қабылданған шараларды іске асыру халықтың жұмыспен қамтылуын сақтауға ықпал етті. Жұмыспен қамтудың жол картасы қазақстандықтардың жұмысы мен табысын сақтауға септігін тигізді, елеулі әлеуметтік-экономикалық тиімділігін көрсетті», – деді А.Мамин.

Премьер-министр жұмыспен қамтуды қолдау шараларын іске асыру қарқыны Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында жоғары екенін атап өтті. Үкімет басшысы әкімдіктерге жол картасының жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша жұмысты жандандыруды тапсырды. Еңбек министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың соңына дейін 2021 жылға арналған Жұмыспен қамтудың

жол картасын жаңарту және онда тұрақты жұмыс орындарын құруға баса мән беру тапсырылды. Бұл ретте жобалардың басым бөлігі аяқталғандықтан, жұмысынан босап қалатын адамдарды жұмыспен қамту шараларымен қамту керектігі ескерілді. Ұлттық экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және әкімдіктермен бірлесіп, жыл соңына дейін барлық мемлекеттік бағдарламалардың жұмыс орындарын құру бойынша индикаторларын жаңарту, тиісті статистикалық есепке алу жүйесін енгізу, сондай-ақ жұмыс орындарын құрудың өңірлік қатарларын әзірлеп, бекіту тапсырылды.

Жылдың Үкімет 2021 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарын қарады. Жоппар биржалық сауданы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, жер қатынастарын, көлікті, құқық қорғау қызметі мен геодезияны, картографияны, волонтерлік қызмет пен қайырымдылықты, биологиялық қауіпсіздікті дамытуға бағытталған 19 заң жобасын әзірлеуді көздейді. «Мемлекет басшысының Жолдауынан туындаған екі заң жобасын келесі жылы Парламентке енгізуіміз қажет. Бұлар – биржалық сауданы дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заң жобалары. 2021 жылдың жоспарына сондай-ақ геодезия, биологиялық қауіпсіздік және әскери полиция туралы үш жаңа заң жобасы енгізілді», – деді А.Мамин.

Премьер-министр мүдделі мемлекеттік органдардың бірінші заң жобаларының сапасына және олардың Үкімет пен Парламентке уақтылы енгізілуіне ерекше назар аударуды тапсырды.

ТУҒАН ЖЕР



ҚАРҚАРАЛЫ ТАУ АЛАБЫ

Қарағанды облысының бұл өңірінде реликті қарағай ормандары сақталған. Қратер тәрізді гранитті ойпаттарды толтырған айдыны айнадай көлдер көз қуантады. Әсемдігі мен әсерлігі жарасақ қолдердің ішінде Қарқаралы қаласына ең жақын орналасқан – тарихы да, табиғаты да тылсым аңыздарға толы Шайтанқола мен Басейін көлі бар. Ұлттық саябақ аумағындағы өзге он көлдің ешбірі бұл екеуінен сұлулығы мен құндылығы жағынан артпаса, кем түспейді. Ал адам аяғы баспаған ну ормандар мен заңғар тауларда бұлан, елік, түлкі, қон сияқты жабайы аңдар әлі күнге мамыржай тіршіліктерінен жалғастырды. Қызыл кітапқа енген арқарлар да Қарқаралы қойнауынан пана тапқан.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ

Жобалар пулы құрылды

> [11]

ИНВЕСТИЦИАЛЫҚ ПОРТАЛҒА ҮНДІЛІЗ, ИНВЕСТОР!

Өткен 9 айдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі 327,5 млрд теңгені құрап, былтырғы жылғы сәйкес мерзімдегі көрсеткіштен 17,4%-ға төмендеді. Әсіресе, тау-кен өндіру мен өңдеу өнеркәсіптері, құрылыс, сауда, көлік және қойма салаларында инвестиция тарту төмендеген. Инвестиция тарту көрсеткіші ауыл шаруашылығы саласында екі ірі жылжыай («ВорлдГринКомпани», «УТК» ЖШС-лары) және сүт-тауарлы фермасы («Ринго-Милк» ЖШС) жобаларының жүзеге асыруы есебінен өскені байқалады.

Инвестиция тарту жобалары іске асыру шеңберінде газды өндіруге арналған шектеулері алып тастау, 4-ші газ айдау компрессорын орнату, Қарашығанак кен орнын кеңейту (1-ші кезең), сонмен қатар 2019 жылы «Жайымұнай» ЖШС интеграцияланған газ тазарту қондырғысының ірі жобасын пайдалануға беру, кабелилік өнімдер («Орал Кабель» ЖШС) және шар қлапандары өндірісі («ПетроВалвз КИОС» ЖШС) жобаларының іске қосылуына байланысты «КПО б.в.» компаниясы шығындарының төмендеуіне байланысты орын алды. Сондықтан инвестиция тарту мақсатында бірқатар шаралар қолға алынған. Былдың өзінде инвесторлар кенесінде 5 отырыс өткізіліп, онда 920-дан астам тұрақты жұмыс орын құрамын жалпы құны 45,6 млрд теңге болатын 18 жоба мақұлданды. Маусым айында «Кәсіпкерлік арналған Үкімет» жобасы іске қосылды. Жоба аясында келісулерге кәсіпкерлік амуға және қолдауға қатысты мемлекеттік қызметтің 50-ден астам түрін көрсетілді. Бүгінде 50-дің үстінде кенетік қызмет көрсетілген.


Өңірге инвестиция тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында инвестициялық портал іске қосылған. Инвестициялық портал үш тілді онлайн-платформа

ретінде invest07.gov.kz базасында жұмыс істейді. Порталда облыстағы маңызды ақпараттар, жүзеге асырылып жатқан инвестжобалар, отандық тауар өндірушілер, инвесторға арналған ұтымды жобалар, инвесторларға берілетін жеңілдіктер, шағын және орта кәсіпкерлікке арналған 100 жоба, инвесторды мемлекеттік қолдау шаралары, кәсіпкерлікті жүргізу, инвестициялық салымдарды күтетін жобалар, бос жер телімдері, бос ғимараттар көрсетілген және олар облыстың, аудандардың, Орал қаласының шегі бойынша инвестициялық интерактивті картасында дәлірек көрсетіліп, көрініс тапқан.

70 ИНВЕСТИЦИАЛЫҚ ЖОБА ПУЛЫ

Бүгінде 6000 жаңа жұмыс орын құрумен жалпы құны 2,5 трлн теңге болатын 70 инвестициялық жоба пулы құрылды. Соның ішінде биыл 308 млрд теңге, 2021 жылы 508 млрд теңге, 2022 жылы 390 млрд теңге, 2023 жылы 237 млрд теңге, 2024 жылы 152 млрд теңге игеріледі. 2020 жылы 435 жұмыс орын құрумен жалпы құны 25,5 млрд теңгенің 9 жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

Инвестицияларды тартудың мақсатты индикаторларына қол жеткізу туралы меморандум аясында биылғы жылға жоспарланған инвестициялар көлемі қайта есептеліп, оның көлемі 587 млрд теңгені құрады. Меморандум аясында 10 ірі инвестициялық жобаның тізбесі жарияланды, олар: Сұйық метанол өндірісі зауыты («Жайық Петролеум» ЖШС); Виртуалды деректерді сақтау және орналастыру орталығы, интернет-платформаларды орналастыру және техникалық қызмет көрсету орталығы, «Дата центр» Орал технологиялық паркінің есептеу орталығы («LLYAgroEnergy» ЖШС); қуаттылығы жылына 4400 тонна киір және 3500 тонна қызыл және қызыл жұлжыай құрылысы («World Green Company» ЖШС); жартылай тіркемелер шығаратын зауыт құрылысы («BATYSTRAILER» ЖШС); сүт



БОО ӨНІРЛІК КОММУНИКАСАЛАР ӨЗІМДІ
АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ЕҢБЕК БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЛАЛЫҚ ЖЕРЛЕРДІ НЕСИЕЛЕУ ҮШІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТЕН ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРГЕ 500,0 МЛН. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

көшенін салу («Ringo-Milk» ЖШС); жиһаз фабрикасының құрылысы («Квант» ЖШС); Орал қаласы, Зашаған кентіндегі №52 мектептің құрылысы («Нұрқастройгаз» ЖШС); 500 орындық жеке мектептің құрылысы («Казхөл» ЖШС); «BASK» көлік-логистикалық орталығы («EurasianLogistics» ЖШС); мұнайды терең өңдеу зауытының құрылысы («АВС-Мұнай» ЖШС).

10 ЖОБА ЖАНДАНАДЫ

Биыл жобалар пулын іске асыру шеңберінде 480 жұмыс орын құра отырып, жалпы құны 26,8 млрд теңгені құрайтын 10 жобаны іске қосу жоспарланған. Осы жылдың қыркүйек айында жалпы құны 7,4 млрд теңгеге 90 тұрақты жұмыс орын құрумен 2 жоба («Орал жылжыай зауыты» ЖШС, «Орал құс фабрикасы» ЖШС) іске қосылды.

Биылғы жылдың соңына дейін 390-нан астам тұрақты жұмыс орын құра отырып, жалпы құны шама-

мен 19,4 млрд теңгені құрайтын 8 ірі жобаны іске қосу жоспарлануда. Оның ішінде: қуаттылығы жылына 3 млн тонна трансформаторларға арналған панельдік радиаторлар өндірісі (35-500 кВ) «Орал трансформатор зауыты» ЖШС Орал қ.; жылына 22,0 мың дана жиһаз шығаратын фабриканың құрылысы («Квант» ЖШС, Орал қ.); ауысымы өңдейтін зауыт салу («Кублей» ЖШС, Орал); виртуалды деректерді сақтау және орналастыру орталығы, интернет-платформаларды орналастыру және қызмет көрсету орталығы, Орал технологиялық паркінің есептеу орталығы («LLYAgroEnergy» ЖШС); жеміс-көкөніс сақтау қоймасының құрылысы («Байстон» ЖШС), жеке зат анализаторларын шығару («IntelligentProtectiveSystem» ЖШС); жұмыртқаға арналған науалар өндірісі («EnvironmentSolution Ltd» ЖШС); күн батареялары («Green Spark Limited» ЖШС) жобалары бар.

Батыс Қазақстан облысы

ӨҢІРЛІК ДАМУ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шамалғанда жаңа жер үсті көпірі салынды

Алматы облысы Қарасай ауданындағы Шамалған стансасында Жібек жолы ауылына өтетін темір жол өткелінде республикалық маңызы бар «Алматы – Нұр-Сұлтан» және облыстық маңызы бар «Алматы 1 – Шамалған – Ұзынаған» автокөлік жолдарының қиылысында жаяу жүргіншілерге арналған жер үсті көпірі пайдалануға берілді.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Шамалған стансасындағы айналма автокөлік жолы мен жаяу жүргіншілерге арналған аталған көпір өткелінің құрылысына жергілікті бюджеттен 364,5 млн. теңге бөлінген. Салтанатты шарада құттықтау сөз алған облыс әкімі Амандық Баталов: «Осындай бір жыл бұрын осы жерде қайғылы оқиға орын алып, сол оқиғадан соң біз тұрғындарға көпір салып береміз деп уәде берген едік. Бүгін, міне, сол жана көпірдің ашылуына жиналып тұрмыз. Бір жыл ішінде жергілікті бюджеттен 360 млн. теңгелен астам қаржы бөліп, жобасын дайындадық, сараптамадан өткізіп, осы нысаны салдық. Құрылыс жұмыстарына сапалы орындаған «ДСУ-13» мердігер компаниясына рахмет айтамын. Сонымен бірге бұл жерде көлік легінің көптігіне байланысты, біз «КазАвтоЖол» мекемесімен бірлесіп, айналма жол жасау қажет деп шештік. Келесі жылдың күзінде ол нысан да дайын болады деп жоспарланатын», — деді ол.

Сол сияқты облыста мемлекет қолдауының арқасында жетісу-лықтардың өмір сүру сапасын арт-



тыратын инфрақұрылымдарды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті. «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында облысқа республикалық бюджеттен бірден 105,6 млрд теңге бөлінді. Соның арқасында мектептер мен ауруханалар, мәдениет үйлері мен спорт нысандарының, жолдардың құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде, ауыз су желілері жөнделіп, ауалар абаттандырылуда. Бір ғана Қарасай ауданының өзінде осы бағдарлама бойынша бір жылда 10 млрд теңге бөлінді. Мұның бәрі халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, Елбасының тапсырмалары мен Президенттің Жолдауда айтылған міндеттерін орындау үшін жасалып жатыр», — деді сөзін қорытындылап А.Баталов.

Ауыл тұрғындары атынан сөз алған көп балалы ана Оксана

жолының баспалдақтарына шығып, лифтсіз пайдаланып, көпір үстімен жүріп өтіп, оның сапасына көз жеткізді.

Атап өтсек, жүргіншілер көпірінің баспалдақтарын қосқандағы жалпы ұзындығы 61,56 метр, биіктігі — 9,8 метр. Екі лифтсіз бар, бұл жүргіншілер көпірінің қолайлылығын арттыра түседі.

Жалпы өткен жылдың өзінде облыста 364,7 шақырым жол мен 8 көпірге жөндеу жасалған. Биылғы жылы тағы 506,6 шақырым жол мен 12 көпір жөнделеді. Сөйтіп жыл басында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық маңызы бар жолдардың үлесі 81% болса, жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 84%-ке жетпек. Сол сияқты Каскелен қаласына кіре берісте автокөлік жолының 1-ші шақырымында С.Демірел атындағы университет студенттерінің өтініші бойынша салынған жүргіншілерге арналған жер үсті жолы, Іле ауданы Байсерек ауданында «Алматы-Сарыөзек 16660+526 км» темір жол үнакесінде темір жол өткелі арқылы салынған жаяу жүргіншілерге арналған жер үсті жолы да тұрғындардың игілігіне берілген. Сонымен бірге Еңбекшіқазак ауданы Есік қаласындағы жана мектептің тұсында «Есік – Саймасай» автожолында жаяу жүргіншілердің жер үсті жолының құрылысы жүріп жатыр. Сол сияқты Іле ауданы Өтеген батыр кентінің маңында «Алматы – Жетіген – Қапшағай су қоймасы» облыстық маңыздағы автокөлік жолында өтпелі жолдың техникалық-экономикалық негіздемесі жасалуда.

Сизова: «Балаларымды мектепке жіберген сайын алаңдап отырушы едім. Сондықтан бүгінгі көпірдің ашылуы мен үшін және осы ауылдың барлық тұрғындары үшін ерекше қуанышты оқиға. Үлкен кезінде де құрылысшылар жұмысты тоқтатпай, көпірді уәде етілген уақытта салып бітірді. Сол үшін баршаныңа шын жүректен алғыс айтамын», — деді.

Жергілікті тұрғындарын атынан сөз сөйлеген Жібек жолы ауылдық округінің ардагерлер кенесінің төрағасы Барзекелді Анисов: «Қысқа мерзімде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін осындай маңызды көпір салынды. Аудан және ауыл тұрғындарының атынан бөрінізге ризашылығымыз біздірміз. Жаманшылық болмасын, ерқашан осындай қуанышты сәттерде жолға берейік», — деді.

Мұнан соң қонақтар мен жергілікті тұрғындар жер үсті

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



Global Finance
үздікті анықтады

Халықаралық Global Finance қаржы басылымы «World's Best Trade Finance Providers 2020» тұрақты рейтингі қорытындылары бойынша «Еуразиялық банк» АҚ сауданы қаржыландыру бойынша 2020 жылы Қазақстандағы үздік деп танылатынын жариялады.

Журналдың редакторлары салалық талдаушылардың, компаниялар басшыларының және технологиялар сарапшыларының қатысуымен 97 елдегі және әлемнің 8 аймағында сауда қаржыландырудың үздік банктерін тандаған. «Үздіктер болып, көбінесе, ең ірілері емес, қайта керісінше, траншекаралық сауда жасауға ара-ласатын, корпорациялардың арнайы қажеттіліктеріне жақсырақ қызмет жасайтын банктер танылып жатады. Global Finance басылымы өз рейтингінде жергілікті жағдайлар мен клиенттер қажеттіліктерін, қаржылық тұрақтылығы мен қауіпсіздігін, стратегиялық қарым-қатынас пен басқару, бәсекеге қабілетті бағаларды жете танып-білу, өнімдер мен қызметтердегі инвестициялар тарту мен инновациялық шешімдер қабылдай білу мәселелері кінгіретін өзіндік алгоритмін қолданады», — деп жазады Global Finance



журналы өзінің хабарламасында.
Ферроқорытпа зауыты салынады

Таяуда Үндістанның «Monnet» компаниялар тобының негізгі қалауы және басқарма төрағасы Сандип Джалджодия («Sandeep Jaldodia» КР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловпен кездесіп, ресми қабылдау барысында Павлодар облысында ферросилиция шығаратын металургиялық зауыт салу жоспарланғаны әңгіме болған.

Алғашқы кезде зауыттың өндірістік қуаты жылына 15 мың тонна болса, кейін 50 мың тоннаға дейін арттыру көзделіп отыр. Инвестиция көлемі алдын ала болжамдар бойынша, әуелдегі 50 млн долларды құраса, екінші кезеңде 200 млн долларға дейін жеткізіледі. Зауыттың негізгі өнімі экспортқа шығарылады деп күтілуде.

Monnet Group 1994 жылы құрылған. Компания іс-қимылының негізгі бағыттары — кеуекті темір, құрыш және ферроқорытпалар өндірісі мен маркетингі. Бұл компанияның иелігінде ферроқорытпалар (ферромарганец, ферроалюминий, феррохром) өндірісі бойынша үш зауыты бар.



Отандық тауарлар Alibaba-ға шығарылды

50 казакстандық компания ағымдағы жылдың аяғына дейін өз тауарларын халықаралық нарықта жылжыту үшін өйінгі Alibaba.com платформасында оқудан өтетін болады. Бұл туралы QazTrade сауда саясатын дамыту орталығы бас директорының орынбасары Нұрлан Құдбатырвока сігітме жасап www.xinhuanet.com сайты хабарлайды.



«Былыр Сауда және интеграция министрлігі және QazTrade АҚ казакстандық кәсіпкерлер мен экспорттаушыларды халықаралық сауда алаңдарына шығару бойынша қолдаудың жана сервисі құралын бастады. Alibaba.com B2B маркетингісі — осындай маңызды сауда платформасы», — деді Н.Құдбатырвока.

Ол қазір Alibaba-да 200-ден аса казакстандық кәсіпорын өкілеттік алғанын айтты. Солардың ішінде 50 компания былтыр тандап алынған және тағы 50-і биылғы жылдың аяғына дейін ұсынылады екен.

Батыр РАХМЕТҮЛЛИН

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

Инвестициялар үлесі ұлғаяды

> [1]

Самұрық-Қазына басқарма төрағасы Ахметжан Есімов атап өткендей, пандемияның алғашқы толқыны кезінде алынған тәжірибе Қордың негізгі өндірістік көрсеткіштердің елеулі төмендеуіне, кәсіпорындардың тоқтап қалуына немесе өндірістік персоналдың қысқаруына жол бермей, сын-қатерге төтеп бергенін көрсетеді. «Алдағы 5 жылда Қор Қазақстандағы жаңа инвестициялардың үлесін таза активтер құнынан 2 пайыздан 10 пайызға дейін, ал халықаралық, тікелей және портфельдік инвестициялардың жаңпы үлесін 2028 жылға қарай 20 пайызға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр», — деп Кор басшысы британдық компанияларды келешегі бар салаларға инвестиция салуға шақырып.

Қазақстандағы инвестициялық ахуалға жоғары баға берген британдық бизнес қауымдастық өкілдері Кормен қарым-қатынастың жақсы динамикасын атап өтіп, ынтымақтастықты нығайтуға өзара ұмтылысты растады.

Өз кезегінде ҚР Президентінің экономикалық даму жөніндегі сыртқы кеңесшісі Сума Чақрабарти: «Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқан: оңайлатылған салық режимі бар, ұлттық заңнама үнемі жетілдіріліп отырады, ал инвестициялық преференциялар нақеті кенеюде. Экономиканың басым салаларында жобаларды іске асыратын инвесторларға салық заңнамасының тұрақтылығына кепілдік берілді», — деп атап өтті.

Бүгінде сенімді іскери серіктестік ретінде берік белдегі не «Самұрық-Қазына» қоры қазақстандық-британдық өзара әрекеттестеу әлеуетін іске асыруға мүдделі. Қор жекешелендіру бағдарламасын жүргізіп жатқандары берді. Ағымдағы жылдың маусым айында Кор Лондон қор биржасында және «Астана» халықаралық қаржы орталығында «Казатомнеркәсі» ЯАҚ АҚ акцияларының және жаһандық депозитарлық қолдаттарының қосымша 6,27 пайызды орналастырды. Лондон қор биржасы арқылы тартылған инвесторлардың үлесі 43 пайыз болды. Сондай-ақ ағымдағы жылдың маусым айы-



да S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB+»/«B» деңгейінде растады, болжам — «Тұрақты». Fitch Ratings агенттігі Қорға «BBV» деңгейінде рейтинг берді, болжам «Тұрақты»/«F2».

Тағы бір маңызды оқиға — жуырда БҰҰ «Самұрық-Қазына» қорын тұрақты дамуы, тұрақты даму бастамалары мен ESG принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін 20 озық қордың тізіміне қосты. Сонымен қатар корпоративтік басқарудың озық әдістерін енгізу, негізгі басқару шешімдерін қабылдау тәсілдерін жетілдіру БҰҰ-да жоғары бағаланды. Әлемнің 20 озық зейнетақы және егемен қорларының тізімі БҰҰ-ның даму бастамасын тұрақты дамуы мақсатында БҰҰ институционалды инвесторларының серіктестігі дайындаған (IPPSD) «Мемлекеттік зейнетақы және егемен қорлар тұрақты дамуы қалай қамтамасыз етеді: Көшбасшылардың тәжірибесі және ұсынбалық интеграция құрылымдары» атты есебінде жарияланды. Қорды орнықты дамуы

интеграциялау саласындағы көшбасшылар ретінде тізімге енгізу әлемдік қоғамдастықтың орнықты даму саласындағы бастамаларды және ESG қағидаларын енгізу бойынша қабылданатын тәсілдер мен шаралардың дұрыстағын мойындауы болып табылады. Усынылған көшбасшылар тізіміне 16 зейнетақы қоры және 4 ұлттық әл-ауқат қоры іріктелді, олардың ішінде Temasek Holdings, Future Fund және New Zealand Superannuation Fund бар. Құжат әлемдік деңгейде активтерді басқару бойынша 50 ірі мемлекеттік зейнетақы қорын және 30 ірі ұлттық әл-ауқат қорын қамтиды. Сонымен бірге қорытындылар бойынша: әрбір төртінші қор (жырма қор) өзінің инвестициялық қызметіне орнықты дамуын интеграциясы туралы есептерді жариялайды; ESG интеграциясын ұстанатын мықты басшылық пен қондама өзгеріс пен озық тәжірибенің маңызды қозғалыс күші болып табылады; 20 жетекші қор кем дегенде 17 халықаралық салыстырмалы көрсеткішті пайдаланады; инвестициялардың әсері (БҰҰ-ның Орнықты даму

мақсаттарына байланысты инвестицияларды қоса алғанда) — бұл кезінде қолданылатын стратегия, ол туралы 20 қор хабарлайды, бұл жауапты инвестициядан орнықты дамуы қамтамасыз етуге бағытталған инвестицияларға жалғасып жатқан ауысуы куәландырады; озық қорлар орнықты даму саласындағы, атап айтқанда, экологиялық мәселелер бойынша септілік сапасын арттыру үшін халықаралық стандарттарды пайдалануда прогреске қол жеткізеді.

БҰҰ есебіне бес стратегиялық салада орнықты дамуы интеграциялаудың озық әдістерінің кең жиынтығы: басқару, орнықты инвестициялаудың корпоративтік саясаты, орнықты дамуы интеграциялау стратегиясы, инвестициялық тізбек бойынша ESG интеграциясы, сондай-ақ бағалау және есептілік кіреді. Бұл есеп БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) мен ESG қағидалары саласындағы әлемдегі ең ірі мемлекеттік зейнетақы қорлары мен ұлттық әл-ауқат қорларының интеграциясына мониторинг бойынша тұрақты күш-жігердің маңызды нәтижесі болып табылады.

НАРЫҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

► АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

КӨСПОРНЫ ЖҰМЫСЫ ТҰРАЛАҒАН ЖОҚ

Ақмола облысы әлеуметтік-экономикалық дамуындағы көрсеткіштеріне қол жеткізді. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қанат Дүзелбаевтың айтуынша, өңірдің агроөнеркәсіп секторында өсім қамтамасыз етілді.

Осының арқасында өсімдік шаруашылығы өсімі 27 пайызға, ет өндірісі 6,1 пайызға, сүт өндірісі 1,6 пайызға артып, республика бойынша өңір ауыл шаруашылығы саласында өндіріс көлемімен алдыңғы орнына шықты. Пандемия жағдайына қарамастан өңірдегі кәсіпорындар жұмысын тоқтатқан жоқ. Нәтижесінде тоғыз айда өнеркәсіп саласында өндіріс көлемі 6,8 пайызға өсіп, 695 миллиард теңгені құрды. Бұл — республика бойынша екінші орын. Ведомствоньң мәліметіне, өнеркәсіп саласының 80 пайыздан астамын құрайтын ондеші салалар — металлургия, машина жасау, тағам өнеркәсібінде жыл басынан бері 8,8 пайыз өсім болды.

Сонымен бірге, өңірде негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша он динамика қалыптасып, республика бойынша 3-орыннан көрінді. Облыс экономикасына шамамен 297,6 миллиард теңге инвестиция салынды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23 пайыз жоғары. Сондай-ақ, инвестор тарту арқылы «ҚБ Интерпрайз» ЖШС қуаты 100 МВт болатын күн электр стансасының, «Максинск құс фабрикасы» ЖШС құс фабрикасының екінші кезеңінің, «Вичи» және «Golden Energy Corp» ЖШС жел электр стансаларының құрылысы бар.

Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың нәтижесінде өңірде 417,7 мың шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Құрылыс көлемі 104 миллиард теңгені құрды. 20 822 мың жаңа жұмыс орны ашылса, оның 12 483-і — тұрақты.

► ЭНЕРГЕТИКА

КҮН ЭЛЕКТР СТАНСАЛАРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аматы облысында қуаты 3 МВт «Қапшағай» және қуаты 4,95 МВт «Сарыбулак» күн электр стансалары пайдалануға берілді. Екі КЭС-тің жылдық болжамды өндірісі 14,1 млн кВт/сағ құрайды.

Жаңа генерация объектілері құрылысының нәтижесінде және бас меңгерігі — «Хевел» компаниялар тобының құрылымдары. Қапшағай қаласы әкімдігінің мәліметіне сәйкес, жаңа күн электр станциялары күнді бақылау жүйесімен жабдықталды. Трекер қондырғылары күннің қайда орналасқанын бақылайды және автоматты түрде күн модульдерінің тиімді бағытын қамтамасыз етеді. Осылайша, электр энергиясын өндіру фотозлектрлік жүйенің статикалық орналасу әдісімен салыстырғанда орта есеппен 20–25%-ға артады.

Екі күн стансаларының жылдық болжамды өндірісі 14,1 млн кВт/сағ, бұл атмосфераға шығатын CO2 шығарындысының 7,5 мың тоннасын болдырмауға мүмкіндік береді. Барлық электр энергиясы Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне түсетін болады.

► НҰРЛЫ ЖЕП

БАСПАНАҒА СҰРАНЫС АРТТЫ

